



ӨРЛЕУ

**Үздіксіз
білім жаршысы
Вести непрерывного
образования**



Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық журнал
Республиканский научно-методический информационный журнал

қазан-қараша
желтоқсан 2018
октябрь-ноябрь
декабрь 2018

4(23)

ӨРЛЕУ Үздіксіз білім жаршысы ӨРЛЕУ Вести непрерывного образования

№4(23)/2018

қазан-қараша-желтоқсан

2013 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

октябрь-ноябрь-декабрь

Издается с 2013 года
Выходит 4 раза в год

Меншік иесі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
Собственник – Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области

Бас редактор – Главный редактор
С.Д.МУКАНОВА,
доктор педагогических наук

Бас редактордың орынбасары
М.А. Жетписбаева, канд.филол.наук, доцент

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Г.К. Ахметова	доктор пед. наук, профессор
У.М.Бахтикиреева	доктор филол. наук, профессор (Россия)
Ж.Ж.Наурызбай	доктор пед. наук, профессор
М.Н. Сарыбеков	доктор пед. наук, профессор
С.Т. Каргин	доктор пед. наук, профессор
Б.А. Жетписбаева	доктор пед. наук, профессор
А.К. Кусаинов	доктор пед. наук, профессор
С.К. Исламгулова	доктор пед. наук, доцент
Л.В. Моисеева	доктор пед. наук, профессор (Россия)

Басуға 29.12.2018 ж.
қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 6,0 б.т.
Таралымы 100 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №178

Подписано в печать 29.12.2018 г.
Формат 60x84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 6,0 п.л.
Тираж 100 экз.
Цена договорная.
Заказ №177
Беттеген:
А.А.Разбеков

Адрес редакции: 100019, г. Караганды, ул. Жанибекова, 42
Тел.: +7 7212 41-68-59; **факс:** +7 7212 41-70-10.
Адрес сайта: orleu-krg.kz **E-mail:** ipk.karaganda@mail.ru

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген
03.05.2013 ж. №13605-Ж мерзімді баспасөз басылымды тіркеуге қойылғаны туралы куәлік
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №13605-Ж от 03.05.2013 г.
© Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области, 2013

РУХАНИ ЖАҒЫРУ

ТҰРСЫНОВА М.А., ЖУЫНТАЕВА З.Н. Жаңа қазақ жазуы және орфографиялық мәселелер.....	4
САТТИБАЕВА Р.М. Географиялық өлкетануды ұйымдастыру ерекшеліктері.....	8
МУКУШЕВА М.А. Латын әліпбиіне көшудегі біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын іріктеу тәсілдері	14

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ**ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

КИСАБЕКОВА М.Е., МАЙБАСОВА У.А. Профессиональное развитие педагогов общеобразовательных школ в контексте инклюзивного образования.....	22
САКАЕВА А.Н. Индивидуальный подход к обучению в условиях инклюзивного образования.....	28

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ**ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

КИТІБАЙЕВА А.К., MUSINA N.M. To the question of studying professional motivation of a professionally oriented foreign language.....	38
SARZHANOVA G. B., ALSHYNBAEVA M.A. Adapting of first year students to university life.....	44
ХАДЖАЕВА Ж.Б., СТАМБЕКОВА А.С. Қазақстан Республикасы бастауыш мектептерінде үш тілде білім берудің мәселелері мен болашағы.....	50

АШЫҚ АУДИТОРИЯ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН**ОТКРЫТАЯ АУДИТОРИЯ: ИЗ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ**

САЗОНОВА В.П. Модель организации обучения смешанного типа старшекласников, не имеющих возможности регулярного посещения школы очно (на примере учащихся, ориентированных на спорт).....	56
АКУЛЬБЕКОВА Н.З. Дифференциация как неотъемлемый элемент планирования урока.....	64
ЕРМАГАНБЕТОВА Ф. «Step by Step» технологиясын балабақшада ұйымдастырылған оқу әрекетінде қолдану.....	72
ТУСУПКАЛИЕВА Г.К. Тарих сабағында сұрақ қою арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.....	80



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы қазіргі әлемдік экономикада материалдық құндылықтарға қарағанда адами капитал сапасына көп назар аударылады. Ұлттың жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды факторы заманауи және тиімді білім беру жүйесін қолдау мүмкіндігі, оқыту мен біліктілігін арттыру арқылы жұмыс күші әлеуетін көбейту болып табылады.

Қазіргі заманғы қазақстандық білім беру жүйесі барлық деңгейдегі жаңғырту жағдайында әлемдік үрдістерді және ұлттық сана аясындағы өзгерістер қажеттілігін ескере отырып дамып келеді. Қоғамдық сананы жаңғыртудың маңызды жобасы қазақ тілінің латын әліпбиіне кезеңмен көшуі және «Туған жер» бағдарламасын іске асыру болып табылады. Білім беру кеңістігі көптілді және адамды дамытатын әлеуметтік тұрғыда бағытталған болды, көптілді және инклюзивті білім берудің өзектілігін, білім беру мазмұнын жаңартуын көздейді. Аталған аспектілер біздің журналымыздың осы

шығарылымы материалдарында көрсетілген.

Номер шығарылымы 2019 Жаңа жылдың қарсаңында жарыққа шығады.

Біздің оқырмандарымызға кәсіби қызметте жаңа табыстар, жаңа жарқын эмоциялар мен жаңа бақытты оқиғалар тілейміз! Барлықтарыңызға жақсылық пен игілік!

Ізгі ниетпен, С. Муканова

ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ!

В современной мировой экономике в условиях четвертой промышленной революции качеству человеческого капитала уделяется больше внимания, чем материальным ценностям. Важным фактором обеспечения высокой конкурентоспособности нации является ее способность поддерживать систему современного и эффективного образования, увеличивать потенциал рабочей силы через обучение и повышение квалификации.

Система современного казахстанского образования развивается в условиях модернизации всех уровней с учетом мировых тенденций и необходимости изменений в рамках национального сознания. Важными проектами модернизации общественного сознания является поэтапный переход казахского языка на латиницу и реализация программы «Туған жер». Образовательное пространство становится поликультурным и социальноориентированным на развитие человека, что обуславливает актуальность полиязычного и инклюзивного образования, обновления содержания образования. Указанные аспекты освещены в материалах данного выпуска нашего журнала.

Выпуск номера происходит в канун Нового 2019 года. Желаем нашим читателям новых успехов в профессиональной деятельности, новых ярких эмоций и новых счастливых событий! Всем добра и блага!

С уважением, С. Муканова

ӘОЖ 372.462+811.124'06

М.А.ТҰРСЫНОВА, З.Н.ЖУЫНТАЕВА

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан
t_marhaba@mail.ru*

ЖАҢА ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада қазақ жазуының латын графикасына көшуіне байланысты пікірлерге қоса емле ережелерінің жобасындағы өзгерістер мен жаңалықтардың ұтымды тұстары қарастырылған. Қазақ орфографиясындағы қиындық туғызатын мәселелер төңірегінде ғылыми дәйектер келтірілген.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: латын әліпбиіне көшу, қазақ жазуын реформалау, қазақ тілі емлесінің ережелері.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде де, 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында да латын әліпбиіне көшуге қатысты мәселені көтеріп, 2017 жылы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазақ жазуының тарихына байланысты біраз мәселелерге тоқталған Елбасы жақын арада қолға алынатын іс-шараларды көрсетіп берді.

2018 жылдың 19 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің №637 Жарлығымен қазіргі қолданыстағы әліпбидің бекітілгені белгілі.

Жазу тарихы бірнеше кезеңдерді бастан өткерген түркі халықтарының ішінде, ілкі кездерден латын графикасын пайдаланатын Түркия мемлекетін қоспағанда, Түрікменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан Республикалары кириллицадан латын әліпбиіне көшкеніне біраз уақыттың жүзі болды.

Бүгінде латын әліпбиін қолданып отырған түркі тілдес халықтардың тәжірибесімен алмасу, жетістігін алу, кемшілігін пайдаланбау мәселесі көп айтылуда.

Қандай да істің бастамасы оңай емес екендігі сияқты жазуды ауыстыру, реформа жасау, сол жазуға тән келетін емле ережелерін құрастыру, ескіні екшеу, жаңалық енгізу – күрделі істердің бірі. Жазуды өзгерту өзекті мәселе болуымен қатар, әртүрлі көзқарастың орын алғаны да аян.

Н.Әміржанованың 2012 жылы жарық көрген монографиясында: «Қазіргі қазақ қоғамында әліпби реформасын жасау мәселесіне қатысты төрт түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші топ орхон жазуына өту керек десе, екіншілері А.Байтұрсынұлы реформалаған араб әліпбиі негізінде жасалған төте жазуды қайта ұстануды қолдайды. Үшінші топты құраушылар қолданыстағы әліпбидің кемшін тұстарын реформалау керек, ал басқа әліпбиге көшу халықты сауатсыздандыруға жеткізетінін алға тосады. Енді бір басым бөлігі қазіргі заман технологиясында қолдануға жеңілдігін, басқа да артықшылықтарын санамалай ескеріп, латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне түпкілікті тоқталуды жөн санайды», – деген дерек келтірілген [1; 158].

Латын әліпбиіне көшу мәселесі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан кейін қарқынды түрде іске аса бастады. Осы

аралықта жаңа жазудың өзекті мәселелеріне арналған әртүрлі форматтағы іс-шаралар күн тәртібінде болды.

Қазақ жазуының жаңа белеске көтерілуіне қатысты еліміздің түкпір-түкпірінде атқарылған іс-шаралардың ең басты мақсаты – латыннегізді жазуымызды қолданысқа енгізу.

А.Фазылжанова «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық монографияда қазақ жазуын латын графикасына қатысты берілген ақпарат бойынша көтерілген мәселелер ретінде төмендегілерді атап өтеді: «Әліпби ауыстыруда басқа емес, латын графикасының таңдалуын негіздеу; латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшудің, оны қолданудың отандық тәжірибесі; шетелдік, оның ішінде гетерогенді және гомогенді қатынастағы басқа тілдердің латындану тәжірибесі; жаңа әліпби жобасы; жаңа қазақ әліпбиіне қатысты орфограммалар; жаңа әліпбиге көшіру процесін ұйымдастырудың проблемалары» [2; 236].

Осы көтерілген мәселелердің ішінде жаңа әліпбидің жобасы және жаңа қазақ әліпбиіне қатысты орфограммалар лингвистикадан хабары бар кез келген адам үшін маңызды болмақ. Әліпби ауыстыру әріптің орнына әріп қою емес, басқаны айтпағанда, орфографияға қатысты келелі іс тұр.

Қазіргі қолданыстағы әліпбидің алдыңғы нұсқаларымен салыстырғанда біршама ыңғайлы болғанымен, көпшіліктің көкейінде сұрақ та жоқ емес.

Жаңа әліпбиде 32 әріп бар десек, оның екеуі диграф арқылы берілген және бұл **sh, ch** түрінде болып, **s** мен **h** жеке таңба ретінде де қолданылатындығынан осындай дыбыс тіркестерімен келген сөздерде қиындық тудырса, әріптердің орын тәртібі **a** (а) мен **ә** (á), **o** (o) мен **ө** (ó) т.б. әріптер сияқты қатар емес, **қ** (q) мен **к** (k), **ы** (y) мен **і** (i) әріптерінің әр жерде орналасуы, **у** (ú) мен **ы** (y) әріптерінің тек акутпен ажыратылуы, **l** (l) мен **й** (l)-дің бас әріп таңбаларының бірдей болуы көпшілікті толғандыруда.

Жаңа әліпби қолданысқа енгеннен кейін басты мәселе емле ережелеріне қатысты болып отырғандықтан, ғалымдар ереже түзуде, оны сараптамадан өткізуде, қазақ тілі заңдылығына сәйкестендіруге қатысты қыруар шаруа атқарды. Осының негізінде республикамыздың барлық өңірінде әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің арасында «Жаңа қазақ әліпбиін енгізудің алғышарттары және емле ережелерін көпшілік талқылау» тақырыбындағы ақпараттық-насихаттау шарасы өтті.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінің жобасы 9 тарау, 108 параграфтан тұрып, дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі, түбір сөздердің емлесі, қосымшалардың жалғануы, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер т.б. қамтыған. Емле ережелерінің жобасында бұрынғы ережемен сәйкес келетіні де, өзгеріске түскені де, жаңалығы да бар.

Әліпби бекітілгеннен кейін барлық болмаса да, күнделікті жазу-сызумен айналысатын қауым үшін бұрынғы әліпбимен салыстырғанда оның 10 әріпке кемігендігіне қатысты жоқ әріптерді, яғни **я** мен **ю**, **э** мен **ц**, **ё** сияқты әріптерді, таңбалау бойынша, **ь**, **ъ** белгілері болмағандықтан ыңғайсыздықтың болу мүмкіндігі туралы да сұрақтар көп болғаны белгілі. Бұндай сұрақтардың шешімі емле ережесінің жобасымен танысқан адам үшін белгілі болып отыр. Сол арқылы **и** әрпінен кейін **я** келсе, екі **и** емес, бір ғана **и** жазылатыны (sia, jaia), жіңішкелік белгісінің ескерілетін, ескерілмейтін тұстарының бар екені, **я**, **ю**, **ё**, **ц** әріптерін таңбалаудың оңтайлы түрі және тағы басқа мәселелер аталған ережеде толық қамтылған.

Қараша айында өткен жалпыхалықтық диктант та жаңа қазақ жазуына қатысты іс-шаралардың ішіндегі елеулі мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген адам күнделікті өмірін жазусыз өткізбейтіндіктен, бұл да жаңа әліпбиді тезірек меңгеруге,

жаңа жазуға дағдылануға, үйретуге негізделгендігі белгілі. Кез келген мамандық иесінің, зейнеткер, студент немесе оқушының диктант жазу барысында жаңа әліпбиге қатысты қызығушылығы артып, графика төңірегінде өзін толғандырған сұраққа жауап алғаны сөзсіз.

Көпшіліктің талқылауында жүрген емле ережелерінің жобасындағы өзгерістердің бірі соңғы буында **ә** (**á**) әрпі жазылатын сөздерге қосымшаның жалғануына қатысты. Осындай сөздерге қосымшалар әр жылғы орфографиялық сөздіктерде әртүрлі жалғанып келгені белгілі.

1963 жылы жарық көрген сөздікте күмән, күнә, шүбә, кінә, куә сөздерінің ғана екінші буынында **ә** әрпі жазылатыны заңдастырылды да, оларға қосымша жуан жалғанатын болды [3; 320].

«**Ә** әрпіне аяқталған немесе соңғы буынында **ә** әрпі жазылған сөздерге қосымшалар жуан жалғанады» деген пікір 2000 жылы шыққан «Анықтағышта» да бар: *кінә+лау (кінәлеу емес), күнә+сыз (күнәсіз емес), күнә+ға (күнәге емес), күмән+дану (күмәндену емес), Күлән+ға (Күләнге емес)* [4; 32].

Бірақ 2000 жылдың қараша айында қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне проф. Р.Сыздықтың редакторлығымен енгізілген өзгертулердің ішінде екінші буында **ә** жазылатын сөздерге қосымша да, жіңішке жалғанатын болды, тек барыс жалғауы мен -ла, -ле қосымшасының жуан болатыны ескертілді [3; 240].

Дегенмен, жуан жалғанатын қосымшалардың ішінде көптік жалғауы, шығыс септік жалғауы да бар және бұл қосымшалар жіңішке жалғанған тәуелдік жалғауынан кейін де жуан жалғана береді: *күнәсіна, күнәсінан, күмәніна, шүбәланбау т.б.*

Сонымен, 2005 жылы жарық көрген ҚТОС-тың Ү басылымында [5]. екінші буынында **ә** жазылатын сөздердің барыс, тәуелдік жалғауымен келген түрі ғана берілсе, енді күмән, куә, шүбә сияқты сөздерге табыс, жатыс, шығыс септіктері мен көптік жалғауының қосылып жазылуы көрсетілді.

Мысалдар: *күнәға, күнәсі, күнәсіна, күнәсінан, күнәлары, күмәнға, күмәні, күмәніна, күмәнінан, күмәндар, шүбәға, шүбәлар, шүбәсі, шүбәсіна, шүбәсінан, шүбәсіз, шүбәланбау, шүбәлі, күмәнсіз, күмәнді, күмәншіл.*

Жіңішке жалғанған тәуелдік жалғауынан кейін бұрын жуан жалғанатын барыс, шығыс септік қосымшалары енді «*kúnásine, kúnásinen, kúásine, kúásinen*» [6; 12 түрінде бірыңғай сипатқа еніп отыр. Тек 54-параграфтағы соңғы буыны **ә** (**á**)-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшаның жуан ғана емес, жіңішке де жалғанатыны нақтыланғаны дұрыс. Мысалы: *Kúláshtiń, Kúláshti, Kúláshtan, Bilálğa, Biláldi, Biláldan* т.б. Сондай-ақ, соз соңындағы қосар әріптің біреуінің түсірілетіндігі туралы 89-параграфтағы ереже жалқы есімдерге (*Filippti, Donbassta*) қатысты емес екені толықтырылуы керек.

Жай септеу мен тәуелді септеуге қатысты ерекшелік барыс, табыс, жатыс септіктеріне тән болғанымен, осы уақытқа дейін «Елбасыға, отбасыға» түріндегі қате қолданыс та ереже бойынша реттелгендігін көруге болады: *Elbasyna, Elbasyn, Otbasyna, otbasyn* [6; 13].

Күнделікті өмірде өте көп кездесетін қатенің бірі дефистің қойылуына қатысты болып, басқаны айтпағанда, «кез келген, алдын ала, аяқ киім» сияқты сөздерді дефис арқылы жазатындар көп кездеседі.

Реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзіне қатысты сөзбен араларына дефис қойылып, айды, жылды көрсететін цифр мен ай атын біддіретін сөз және жылы деген сөздердің арасына дефис қойылмайтыны (8 наурыз, I қазан, 1987 жыл) туралы ереже болғанымен [4; 53], осындай жағдайда ережеге сай жазылмай, күн, ай, жылға қатысты да реттік санды білдіру үшін, әсіресе БАҚ материалдарында дефис қойылу өте көп

кездессе, енді бұл ережеде түсініспеушілік болмай, біріздендірілгені көрінеді. Ендігі жерде «2018-jyl, 27-qarasha, 7-naıyuz» түрінде жазу қате болып есептелмейді.

Қосымша жалғанғанда қиындық туғызатын мәселенің бірі – **ог, уг** дыбыс тіркесіне аяқталатын сөз болса, жаңа ереже бойынша оңайландырылғанын көреміз. Бұрынғы ережеге сәйкес «филологтер, психологке, педагогтер» деп емес, енді «filologtar, psihologqa, pedagogtar» болып жалғанады.

Я, ю, э, ц, ё әріптері мен **ь, ъ** белгілерінің жаңа ереже бойынша жазылуы көңілге қонымды болғанымен, сөз соңындағы –**нг** әріп тіркесінің **ң** (ń) әрпімен жазылатыны (boılıń, treniń), «қи-уп, бұ-уп» сөздерінің осындай сипатта тасымалданатыны қиындық туғызатындай, себебі жаңа жазуды үйренушілер үшін ереженің неғұрлым оңтайлы болғаны абзал.

Осы уақытқа дейін латын әліпбиіне көшу мәселесінің маңыздылығына баса назар аударылды және бүгін жаңаша сипат алған қазақ жазуының болашағы зор екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Қолданысқа енгізілген әліпбидің емле ережелері нақты бекітілгеннен кейін де жұмыс қарқын алары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 300 б.
2. Фазылжанова А. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру: жаңа әліпбиді қалай таңдаймыз? // Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 236-237 бб.
3. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 380 б.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 616 б.
6. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. – Астана, 2018. – 30 б.

М.А. ТУРСУНОВА, З.Н. ЖУЫНТАЕВА

НОВАЯ ГРАФИКА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ВОПРОСЫ ОРФОГРАФИИ

В статье наряду с мнениями ученых о переходе казахского языка на латинскую графику рассматриваются предлагаемые изменения в новом проекте правил орфографии и его положительные стороны для развития казахского языка. Приведены научные аргументы по проблемам казахской орфографии.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: *переход на латинскую графику, реформа казахской письменности, правила орфографии казахского языка.*

M.A. TURSUNOVA, Z.N. ZHUINTAYEVA

KAZAKH LANGUAGE NEW SCRIPT AND SPELLING ISSUES

Along with the scientists' views on switching Kazakh alphabet to Latin script, the article deals with the proposed changes in the spelling rules new draft and its positive aspects for Kazakh language development. The article presents scientific arguments on Kazakh spelling issue.

KEYWORDS: *switching to Latin script, Kazakh script reform, Kazakh language spelling rules.*

ӘОЖ 373.1

P.M.САТТИБАЕВА

«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
sattibaeva.r@mail.ru

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада географиялық өлкетануды тиімді жоспарлау мен ұйымдастырудың ерекшеліктері айқындалған. Сонымен бірге географиялық өлкетанудың білім мен тәрбие беру үрдісіндегі маңызы, өлкетануды жоспарлау мен ұйымдастырудағы зерттеу әдістері нақты көрсетілген. Географиялық өлкетануды ұйымдастырудағы сыныптан тыс жұмыстардың түрлері мен формалары, экологиялық мәселелерді шешудегі алатын орны анықталған.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: географиялық өлкетану, туристік өлкетану, картографиялық әдіс, географиялық ақпараттық жүйе, экологиялық мәселелер, зерттеу әдістері.

Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару процестері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы оқушылардың өлкетанушылық мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасап отыр. Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – Елбасы Н.А.Назарбаевтің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерді жүзеге асыру. Нақты айтқанда, мақаладағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық пікірлерін терең зерделеу және білім алушылар арасында насихаттау. Мақаладағы «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы мектептегі тәрбие үдерістеріне тың серпін береді. Әсіресе өскелең ұрпаққа қоғамдық сана сіңірудегі пайдасы ұшан-теңіз. Өлкетанулық жұмыстар барысында оқушылар киелі орындар мен ескерткіштерді қолмен ұстап, көзбен көретін жағдайға жетті. Осыған байланысты орта мектепте оқушылардың өңірдегі туған жер тарихы мен табиғатын зерттеу жұмыстарын ғылыми жүйелеп, қалыпқа түсіру мақсаты туындады [1]

Географиялық өлкетанудың басты мақсаты – оқушылардың бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру мен Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерін, туған өлке тарихын зерттеп, зерделей білуге тәрбиелеу және танымдық қызығушылықтарын тереңдетіп, туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігін кеңейту.

Белгілі ғалым, академик Жұмағали Жөкейұлы Наурызбай «Көп мәдениет иесіне тән ерекшелік географиялық сана болуға тиіс. Шын мәнісінде мәдениетті адам болу үшін планеталық, ғаламдық, экологиялық саналар деңгейіне самғаумен бірге кіндік кескен жер, туған өлке, Отан, өз шаңырағын қастерлеу сезімімен қатар тыныстау – парыз. Географиялық сана елтану, этнография, экология пәндері арқылы да дариды. Аталған пәндер этнос пен мәдениет проблемаларымен өрістес болғандықтан, мәдени этникалық оқыту мен тәлім тәрбие ісінде ерекше маңызға ие. Бұл – ғылым мен білім берудің мәдениет экологиясы, адам экологиясы, рухани дүние экологиясы, имандылық

экологиясы секілді жаңа бағыттары туралы әңгіменің басы ғана», – деген болатын [2, 5].

Оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру оның деректерін пайдалану тек тәуелсіздік алған тұстан бері қозғалып келе жатқан мәселе емес ол өз тарихында ұзақ даму жолынан өтті. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отан сүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді. Қазақ халқы ежелден-ақ қоршаған орта болмысын, оны бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуының, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдыра білген. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілері қалыптасқанын байқауға болады. Туған өлкедегі табиғат пен тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен адамдардың тіршілік әрекетін қосып адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде зерттеушілерге әрқашанда үлкен қызығушылық тудырған [3].

Туған өлке төсіндегі тылсым табиғат пен тамыры терең тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен тұрғындардың тіршілік ету әрекетін қосып, адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану, мәселе ретінде өзінің өзектілігін кеңейтуде. Мемлекеттік масштабтағы саяси және әлеуметтік жағдайларды шешу барысында нақты жеке территориялардың алуан түрлі табиғат жағдайын біліп, оны зерттеу өлкенің географиясын оқып үйренудің негізі. Қазіргі кезеңде география үлкен маңызды күрделі мәселелерді шешуге – әр түрлі территориялардың ресурсын зерттеп оқып, сол жердің табиғи ресурсын тиімді пайдалануға, құрылыс, зауыт, қала, жол салуға ең қолайлы жерлерді анықтауға көмектеседі. Өзінің туған өлкесін географиялық тұрғыдан жан-жақты білу алғашқы географиялық ұғымдарды, туған жер табиғаты ерекшелігін, ашылу тарихын, зерттеу тарихын, зерттеушілер еңбектерімен, жер бедері, пайдалы қазбалары, ауа-райы, топырағы, өсімдіктері мен жануарлар дүниесін оқып үйренуден басталатыны белгілі.

Географиялық өлкетануды жоспарлау мен ұйымдастыру білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалармен негізделеді. Ол қағидалар түрлері:

- пәнаралық байланыс қағидасы, бұл – мектеп бағдарламасындағы пәндердің мазмұнында өлкетану материалдарын қолдану арқылы басқа пәндермен байланысты жүзеге асыруды болжайды;

- жүйелілік-құрылымдылық қағидасы, өлкетану материалдарын білім берудің әртүрлі кезеңдерінде нақты мақсат қоя отырып, жоспарлы түрде қолдануды және аумақты географиялық негізді құрайтын нақты сипаты бар нысан ретінде зерттеуді көздейді;

- толеранттылық қағидасы, оқушылардың бойында өзге ұлт мәдениетін түсіну және қабылдау қабілетін дамытуды қарастырады;

- когнитивтік қағидасы, оқушылардың білім алу үрдісі барысында өлкетану материалдарының көмегімен жаңа ақпаратты, жаңа білімді түсінуін қарастырады;

- ізгілендіру қағидасы, өлкені тұлғаның дамуындағы өмірлік-мәнді құндылықтар жүйесінде оқудың мағынасын түсінуді қамтамасыз етеді;

- табиғи және мәдени түсінік қағидасы, табиғатты қорғау және экологиялық білім мазмұнын кіргізуді қарастырады;

- іс-әрекеттік қағидасы, білім беруді практикалық, коммуникативтік, жобалық-шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырады;

- тарихилық қағидасы, әлеуметтік-табиғи ортадағы өзгерістерді, аумақтың даму болашағын қарастыру арқылы орындалады;

- мәселелік қағидасы, нақты проблемалық тапсырмаларды шешу көздейді.

Аталған қағидаларды жүзеге асыру арқылы оқушылардың өзіндік білім алуы, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, практикалық іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі туындайды. Осы қағидаларды географиялық өлкетануды жоспарлауда тиімді қолдану оқушылардың бойында өмірде өз ұстанымын айқындаған, туған Отанына сүйіспеншілік сезімі мол, өлке туралы жан – жақты білетін, экологиялық мәдениетті, теориялық білімін істәжірибе жүзінде пайдалана білетін жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Географиялық өлкетану жұмыстарын дұрыс жоспарлау мен ұйымдастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекше. Себебі оқушылардың білімдерін тереңдетуге және өлкетанушылық құзыреттіліктерді игеруге, олардың шығармашылық әлеуетін және зерттеу дағдыларын жетілдіріп, өз өлкесін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік тудырады.

Географиялық өлкетанудың сыныптан тыс жұмыстарына ең маңызды талап оның формалары мен мазмұнының қазіргі білім беру жүйесінің сұраныстарына сай келуі. Солардың бірі – туристік-өлкетанушылық бағытқа тоқталатын болсақ мазмұнының тереңдігі мен ерекшелігі таңдалған маршрутта территорияның өлкетанулық зерттеулері туризмге бағыттталып, оның жергілікті жердегі дамуы мен болашағы айқындалады. Бұл бағыттың дайындық кезеңінде оқушылардың туристік жұмыстарды жоспарлай білу дағдылары қалыптасады яғни, территорияны өлкетанулық бағытта зерттеу бағдарламасы құрылады, маршрутты таңдау, жорықтың мақсатын анықтау, ғылыми сипаттағы тапсырмалар құрудан басталады. Туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің жалпы түріне экскурсиялар жатады. Арнайы дайындықпен, ерекше жоспармен өткізілген экскурсиялардың тәрбиелік құны жоғары болады. Мектеп мұражайларының жұмыстары да оқушыларды өлкетану бағытында тәрбиелеуде маңызды орын алады. Олардың ішінде дәстүрлі орын алатыны – мұражай жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады [4].

Мектептен тыс, сыныптан тыс ұйымдастырылатын туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің формалары, соның ішінде үйірме жұмысы, оқушылардың мәдени мұра нысандарының ішінен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мазмұндағы нысандарды жинақтап, коллекциялар, деректі фильмдер, буклеттер, альбомдар және т.б. дидактикалық көрнекіліктерді дайындаумен оларды туристік-өлкетану іс-әрекеттері процесінде пайдаланумен айқындалады.

Нәтижесінде бұл бағыттың жұмыстары оқушыларға өз өлкесін жақсы танып-білуге, туризмге бағытталған мәліметтерді жинақтауға, өз өлкесінің туризмді дамыту әлеуетін анықтауға жағдай жасайды.

Кез келген өлкетанудың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда территорияны зерттеудің кешенді болуы мен оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі және ұйымдастыру формалары практикаға бағыттталып, шығармашылық сипатта болуы өте маңызды екені басты назарда болуы керек.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың көпшілігінің географиялық өлкетануға деген қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Сондықтан географиялық өлкетануды жоспарлау мен ұйымдастыруды жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін: проблемалық оқыту, жобалау әдістері, ақпараттық, ізденушілік, зерттеушілік бағыттағы технологияларды қолдану нәтижелі білім мен тәрбиеге негізі.

Өлкетану жұмыстарын жоспарлауда өлкені зерттеудің барлық негізгі әдістерін

пайдалануға болады. Солардың бірі зерттеудің картографиялық әдісі өлке аумағындағы шаруашылық пен табиғаттың арасындағы кеңістіктік үйлесімділікті ашу мақсатында қолданылады. Географиялық ақпараттық жүйе табиғи және әлеуметтік-экономикалық геожүйелерді, олардың құрылымын, байланысын, динамикасын, кеңістік пен уақыттағы тіршілік етуін, географиялық білімдер мен мәліметтер негізінде зерттейді. Геоақпараттық жүйенің маңызды міндеттерінің бірі – географиялық ақпараттарды жинақтау мен талдауға алгоритмдер жасау, географиялық зерттеулерді жүйелендіру. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда геоақпараттық жүйе маңызды мәселелерді шешеді:

- өлкетану зерттеулерінің сапалы картографиялық өнімдерін құру;
- өлкетану материалдарының мәліметтер базасында ақпараттару;
- графикалық нысандармен байланыстыру;
- мәліметтерге талдау жасау, географиялық орнын белгілеу;
- басқару жұмыстары мен шұғыл шешімдер қабылдауда маңызды.

Географиялық өлкетануды жоспарлау мен ұйымдастыруда статистикалық және көзбен шолу (визуалды) әдістерін қолданудың да маңызы ерекше. Өз өлкесінің демографиялық проблемаларын анықтауда, шаруашылықтың дамуы мен экономикалық байланыстардың жүйесін топтастыруда, басқа да зерттеу жұмыстарында жинақталған сандық көрсеткіштерді іріктеп алу және әр түрлі сандық мәліметтерді санау, орташа көрсеткіштерді шығару, кестелер құрастыру және олардың графикалық бейнесін сызып қорытынды шығаруда, құбылыстар мен заттарды бақылауда өте тиімді. Осы әдістерді географиялық өлкетану зерттеулерінде, саяхаттарда, экскурсияларда басқа әдістермен үйлестіріп, қажетті сапалық нәтиже беретін жұмыстарда жиі қолдануға болады. Сонымен, өлкенің өмірін, ондағы болып жатқан өзгерістерді, табиғаты мен шаруашылығын толығырақ сипаттау үшін, өлкенің қазіргі кездегі және бұрынғы өткенінен деректер мен материалдарды үздіксіз жинап, оқып, зерттеу қажет екенін әр оқушы түсінуге тиіс.

Географиялық өлкетануды ұйымдастыруда өз өлкесінің экологиялық мәселелерін шеше білу дағдыларын қалыптастыру өте маңызды. Себебі дүниежүзілік қауымдастықтың қазіргі кезеңдегі дамуында адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы экологиялық мәселелерді шешу жолын іздестіруді талап етеді. Адамзаттың жаһандық дағдарысы жер шарының экологиялық үйлесімділігінің жеке бөліктері болып саналатын аймақтық деңгейдегі мәселелерден туындап отыр. Бұл жағдайда антропогенді өркениеттің қоршаған табиғи ортамен тиімді арақатынасын ұйымдастыруға бағытталған барлық әлеуметтік институттарының жұмыстарын жұмылдыру қажет. Экологиялық мәдениет табиғи қоршаған ортамен қарым-қатынастағы адам тіршілігінің мұра болып қалатын таза тұрмыс қалпына, тұрақты әлеуметтік, экономикалық дамуына, елдің және әр адамның экологиялық білім мен тәрбиесі деңгейіне байланысты қаланады. Э.В.Гирусовтың айтуынша, экологиялық мәдениет – қоғамның материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі, сондай-ақ табиғи ортаны сақтауға бағытталған әрекеттердің бірі.

Сондықтан өлкетану жұмыстарын жоспарлауда экологиялық проблеманы шешуге, адам мен табиғаттың үйлесімді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін экологиялық мәдениет қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды басты орынға қою қажет. Себебі экологиялық мәдениет білімді белсенділікке, нақты іс-әрекетке бағыттаушы құрал қызметін атқарады.

Өлкетанудың экологиялық проблемаларының арақатынастарын айыру үшін мына түсініктердің «өлке», «аймақ», «жергілікті жер», «ландшафт», ара – жігін әр оқушыға

түсіндіре білуіміз қажет. Білім мен тәрбие беруді ұйымдастыруда кең мағынада мына терминдерді: «экологиялық өлкетану», «экологиялық білім беруде өлкетану принциптері», «экологияға өлкетану тұрғысынан келу», «экология-өлкетану іс-әрекеті», «экологиялық білім беруде аймақтық тұрғыда қарастыру». мазмұнын ашып, кеңінен қолдану жұмыстары тұр [5, 21].

Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында өлкетанушылық білім негіздерін алу, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, еркін бағдарлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда бағытталған білім, іскерлік дағды әрекеттері оқушының жеке- дара психологиялық қасиеттерінің дамуына, таным белсенділігінің артуына жетелейді. Оқушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің мақтаныштары, киелі орындары, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады.

Уақыт талабына сай білім мен тәжірибе, іскерлікті игере отырып, мектептегі өзекті мәселелердің бірі - өлкетану жұмысын ұйымдастырудың жолдарын айқындап, бір жүйеге келтірудің маңызы айқындалуда. Әрбір саналы азамат өлкетануды төл тарихымен ұштастырып жете білсе, өз өлкесінің, елінің өткен жолын, тар жол тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, елдің басын біріктірген тарихи тұлғалардың ерліктерін қастерлей білгенде ғана Отанға, халқына деген мақтаныш сезімі оянады [6].

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема-әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау. Ендеше мақсатты, жүйелі жоспарланып, ұйымдастырылған өлкетану жұмысының білімдік, танымдық, дамытушылық, тәрбиелік маңызы өте зор. Тарихтың өткен кезеңдерін қазіргі заманғы шындықпен байланыстыра отырып, біз үйлесімді болашақ өмірге қадам жасаймыз. Бүгін патриотизм тек рухани құндылық көрсеткіші емес, халықтың, қоғамның жоғары моральдық рухын, тарихи жады, мәдени мұра, өз жерінің, салт-дәстүрлерін байланыстыратын мықты іргетасы ретінде насихатталып, қаралады. Халықтың мәдени ерекшелігі қоғамның тиімді дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, қуатты және жасампаздық күшіне айналады. Туған өлкенің, жергілікті жердің қала берді аймақтардың өзіндік ерекшеліктерін, табиғатын, тарихын, халқы мен шаруашылығын жан-жақты сипаттайтын факторларды зерттеу қазіргі білім беру саласының маңыздылығын арттыра түспек.

Өлкетану жұмыстары жеке тұлғаның дүниеге дұрыс көзқарасының қалыптасуына қоршаған шындықты түсінуге, сенімін қалыптастырудың негізі болып табылады. Өлкетануды дұрыс ұйымдастырудың жетістігі – ол оқытушылар мен мұғалімдердің, мектеп оқушыларының ізденісін, олардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіре түсіп, өз өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттырып, туған өлкесін терең зерттей білу дағдыларын дамыту.

Өлкетану жұмыстары жалпы білім беретін мектептерде рухани жаңғырған, қоғамдық санасы қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтай алатын, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайына төзімді толерантты тұлға тәрбиелеуге бағытталуға тиіс.

Қорыта айтқанда, туған өлкенің, жергілікті жердің тіпті, аймақтың өз ерекшеліктерін, табиғатын, тарихын, халқы мен тұрмысын сипаттайтын факторларды зерттеп, оны жас

ұрпақ тәрбиесінде пайдалану өзінің маңыздылығын ешқашан жоймақ емес. Өлкетану жұмыстары тұлғаның дүниеге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру мен сенімін нығайтуға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [Электрондық ресурс]. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. «Өлкетану»: мәдени–генетикалық кодтың негізі» пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалары (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 129 б.
3. Бірегейлік пен бірлік: Қазақстан жолы және Н.Назарбаев моделі// халықаралық ғылыми практикалық-конференциясының тезистер жинағы. – Астана, 2017.
4. .Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: География және геодезия. – Алматы: Мектеп, 2007. – 45 б
5. Берлянт А.М., Гедымин А.В., Кельнер Ю.Г. и др. Справочник по картографии. – М.: Недра, 1988. – 428 б
6. Боголюбов А.С. Комплексные исследования на ландшафтном профиле. – М.: Экосистема, 2000. – 12 с.

R.M. SATTIBAEVA

ПЛАНИРОВАНИЕ И ОРГАНИЗАЦИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКОГО КРАЕВЕДЕНИЯ

В статье излагаются особенности эффективного планирования и организации географического краеведения. Вместе с тем, определены значения географического краеведения в процессе обучения и воспитания, четко показаны исследовательские методы. Определены типы и формы организации внеклассной работы в области географического краеведения, важность роли в решении экологических проблем.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: географическое краеведение, планирование, организация, принципы, туристическое краеведение, картографический метод, географическая информационная система, экологические проблемы, методы исследования.

R.M.SATTIBAEVA

PLANNING AND ORGANIZATION GEOGRAPHIC EDUCATION

The article outlines the features of effective planning and organization of geographical regional studies. At the same time, the values of geographical study of local lore in the process of education and upbringing are defined, research methods are clearly shown. The types and forms of organization of extracurricular activities in the field of geographical local history, the importance of the role in solving environmental problems are determined.

KEYWORDS: geographical study, planning, organization, principles, tourist study of local lore, cartographic method, geographic information system, environmental problems, research methods.

ӘОЖ 331.108.45+811.124'06

М.А. МУКУШЕВА

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Қарағанды қ., Қазақстан
mukusheva_m83@mail.ru

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДЕГІ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІРІКТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу жағдайындағы педагогтардың біліктілігін арттыру курстарында кәсіби-теориялық білімін кеңейтуге, жаңа әліпби негізінде жазуды меңгертуге бағытталған тақырыптардың мазмұнының жобасы қарастырылады. Латын әліпбиіне көшудегі педагогтарды оқыту мақсаты, мазмұны, және әдістері ұсынылады. Латын әліпбиінің емле ережелерінің жобасына сай жазудың фонетика-фонологиялық талдаулары қарастырылады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: латын әліпбиі, тіл тарихы, оқу сағаттарын ұйымдастыру, оқыту мазмұны, біліктілікті арттыру, оқыту әдістері.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп көрсеткен [1]. Осыған орай Президенттің 2018 жылғы 19 ақпанында «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» №637 Жарлығы шықты [2].

Елбасының тапсырмасы бойынша ұсынылған құжаттар негізінде латын графикасындағы жаңа қазақ әліпбиінің емле ережелерінің жобасы талқылауға ұсынылды. Тарихи тамыры терең тұғырлы тілімізді жандандырып, санамызды бір оятқан, қазіргі жаңа заман талап еткен бұл бастама көпшіліктің қызу талқысына түсті. Емле ережелерінің бекітілуі 2019 жылдың көктемінде жоспарланып отыр.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ жаңа графиканы енгізу бойынша жүйелі жұмыстар жасалынып келеді. 2018 жылдың 24 мен 28 қыркүйегі аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды филиалының оқытушылары қазақ тілін латынға көшіру бойынша тренерлік онлайн курсынан өтті. Курс ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты оқытушыларының қатысуымен өткізілді. Біліктілікті арттыру курсының басты міндеті – Қарағанды облысы педагогтарын әрі қарайғы оқыту бойынша тренерлерді даярлау болса, курстық дайындықтың басты мазмұны – латын графикасы негізінде қазақ тілінде жазу ережелеріне үйрету болып табылды. Аталмыш курста қазақ жазуын кириллицадан латын графикасына көшіру негізінде педагог-тренерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру басты назарға қойылды. Курс бағдарламасының міндеттеріне қазақ тілі латын графикасына көшіруде педагог-тренерлердің кәсіби теориялық білімін кеңейту, латын графикасына көшіруде жаңа әліпби негізінде жазуды меңгерту, оқытуда көзшалым мен қолдағдысын үйрету, латын графикасына көшу жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша тренерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жатады.

Курс барысында латын графикасының шығу тарихына тоқталу, қазақ жазуының

тарихы, латын қаріпті жазудың фонетика-фонологиялық, орфографиялық, терминологиялық, ономастикалық оқу-әдістемелік негіздері және осы жағдайға байланысты жүргізіліп жатқан процестер мен көшу жағдайындағы болатын өзгерістер туралы кеңінен айтылды. Ғалымдар пікірі тыңдалып, сонымен қатар мәтіндерді талдау, пунктуация мәселесі, термин сөздер, пернетақтадағы әріптердің жиілігі, корпус классификациясы және оның түрлеріне тоқталды.

Өткізілген курс институттың профессорлық-педагогтық құрамының жаңа біліктілікті арттыру бағытын қарастыруды қажет етеді. Латын әліпбиіне көшудегі педагогтардың біліктіліктілігін арттыру педагогикалық инновация ретінде оны жүзеге асырудың тұжырымдамалық тәсілін талап етеді. Латын әліпбиіне көшу бойынша оқытудың тұжырымдамалық негіздері, ең алдымен, ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижесі ретінде теориялық-әдіснамалық ережелердің жүйелі жиынтығы болып табылады.

Сондықтан, латын әліпбиіне көшуге байланысты, тілдік білім берудің жаңа парадигмасын жаңартуға байланысты заманауи формация педагогтарын дайындау мәселесі маңызды болып табылады, бұл жаңа әліпбиді меңгеру жағдайында жұмыс істеуге қабілетті педагогтың тұжырымдамалық бірнеше моделін әзірлеуді көздейді:

1. Қазіргі заманғы педагог инновациялық-педагогикалық қызмет үшін, өз біліктілігін үнемі жетілдіру және арттыру үшін жеке және кәсіби құзыреттіліктерінің кең спектріне ие болуы тиіс. Бұл модель педагогтың өздігінен латын әліпбиін меңгеруіне жол бермейді, латын графикасындағы жаңа қазақ әліпбиінің емле ережелерінің дұрыс жүзеге асырылуы көзделеді.

2. Латын әліпбиіне көшу жағдайындағы инновациялық-педагогикалық қызмет өзгерістерді дұрыс қабылдауды және қарқынды игеруді, оларды қолдану және тәжірибеге тиімді енгізуді болжайды. Бұл модель педагогтың латын әліпбиін меңгеру барысында дұрыс насихаттап, жеткізуді көздейді.

Осы тұжырымдамаларды қарастырып, латын әліпбиіне көшудегі біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын іріктеу тәсілдері сараланды. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін іске асыру, тілдерді оқыту мәселелерін қамтитын дидактикалық материалдардың жаңартуын талап етеді.

Латын әліпбиіне көшудегі педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының мазмұнында қарастыруға ұсынылатын тақырыптардың жобасы (1-кесте).

Кесте 1. Тақырыптар жобасы

Тақырыптың атауы	Мазмұны	Сағат саны
Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы және тіл мәдениеті	Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы. Білім, ғылым, өндіріс саласына еніп жатқан жаңа технологияларға латын әліпбиі арқылы қол жеткізіледі. Латын әліпбиіне көшумен халықаралық ақпараттық кеңістікке шығу жеңілдейді, ғаламтор жүйесін халқымызға қазақ тілінде меңгеруге жол ашылады.	4
Латын әліпбиінің енгізілу тарихы	1929 жылы 25 шілдеде Қазақстан Орталық атқару комитетінің қаулысымен 12 төл және 18 кірме сөздерді жазу үшін ереже баптары енгізілген. Қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929 жылы латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілінің төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929 жылы емле ережелерінде айқындалған.	4

Бағдарлама баланы жан-жақты дамыту және ата-анамен тығыз байланыс орнату секілді екі бағытта жұмыс жасады. Ең ерекшелік - ата-аналардың оқу үдерісіне еркін қатысуларына жағдай жасау болды. «Step by Step» Бағдарламасы балалардың ерекше қабілеттерін аша отырып, отбасын балабақша және мектеп іс-әрекетіне қатыстыра отырып, олардың мәдени құндылықтарын ашып, дамытуға бағытталды. Осы бағдарламамен жұмыс жасаған балабақшалар мен бастауыш мектептерде ата – ананың оқу үдерісіне қатысуы үлкен нәтижелерге әкелгендігін де байқадық. Соның арқасында бірнеше балабақшада «Отбасы бөлмесі», ал мектептерде «Шаңырақ» ата-аналар Университеті жұмыс жасады. Балабақшада өткізіліп отыратын «100 күн», «Ашық есік» күндері, «Апта баласы» шаралары ынтымақтастықта жұмыс жасаудың ең тиімді көзі болды.

Баланың даму ортасы әрқашан өзгеріп отыруы керектігі ескеріліп, «Step by Step» технологиясы талабы бойынша балаға сапалы білім беру, баланың іс-әрекеті, ойындар арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін дамытып, олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсаты қойылды.

«Step by Step» бағдарламасының жалпы ережелері қатаң сақталып отырды:

- таңертеңгі жиын өткізу;
- белсенділік орталықтарына бөлініп шағын топтармен жұмыс істеу;
- кіріктірілген сабақтар жүргізу;
- тақырыптық оқыту;
- әр баланың жеке даму портфолиосының болуы;
- топтағы әр балаға арналған мейірімді лебіздердің (счастьеграмка) болуы;
- ата-аналармен тығыз байланыста болуы.

Осы ерекшеліктердің тиімділігі мынада болды:

Біріншіден: таңертеңгі жиын балаларды сезімталдыққа, ұйымшылдыққа, табиғат құбылысы мен өмір құбылысын байланыстырып суреттей білуге, өз ойларын толық жеткізуге, байқағыштыққа үйретті.

Екіншіден: топтағы белсенділік орталықтарына бөліну арқылы бір-бірін сыйлауға, бір-бірінің сөзін бөлмей тыңдауға, бір сөзбен айтқанда мәдениеттілікке үйретті, бірлікте, ынтымақта жұмыс істеуге дағдыландырды. Өзіне ұнаған ісін таңдауға, өз ойларын еркін жеткізіп, қорытынды жасауға, шешім қабылдай білуге, өздерінің білімдерін, тәжірибелерін іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік берді.

Үшіншіден: кіріктірілген сабақтар мен тақырыптық оқыту арқылы балалар бір тақырып айналасында зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ғылымның әр саласын бір-бірімен байланыстыра білуге үйренді.

Төртіншіден: әр балаға арналған мейірімді лебіздер мен жеке баланың портфолиосы арқылы ата-анасымен, басқа педагогтармен қарым-қатынасының нығаюына әкеліп соқты.

Бесіншіден: ата-аналардың балабақша өміріне қатысуы, олардың өз баласының expertі ретіндегі рөлінің маңыздылығы артты. Баланың ата-анасына деген сүйіспеншілігі, сый-құрметі арта түсті.

«Step by Step» технологиясының ерекшелігі сол, еліміздегі жалпы білім беру ісінде жаңа көзқарасқа бағытталып, үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мақсатын жаңаша пайымдауды талап етті.

«Step by Step» бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған оқу қызметі белсенділік ортасын құру мен оның жабдықталуы арқылы жүргізілді. Материалдар мен құрал-жабдықтар балаларды ұйымдастырылған оқу қызметінде қызықтырып тартып, бірнеше арнайы ұйымдастырылған жерлерде орналастырылды. Бұл аймақтар «белсенділік орталықтары» деп аталды. Белсенділік орталықтары – ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді. Баланың қарым-қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытты, қоршаған ортаға деген көзқарастарын қалыптастырды. Белсенділік орталықтарындағы қызметтер әр баланың қабілеттерін толық ашуға және оны мектепке дайындауға мүмкіндік берді. Балалардың бойына топпен, ұжыммен жұмыс жасауды, бірге болуды, өзінің және жолдастарының пікірлерімен санаса білуді сіңірді. Әрбір баланың өзіндік белсенділігінің арқасында оның қабілеттері мен дарынының дамуындағы табыстарға жеткізді деуге болады. Топ тәрбиешілерінің алдындағы мақсат – баланың белсенділік ортасын дұрыс ұйымдастыру, оны дұрыс жабдықтау және қолдана білу болды. Балабақша топтары төмендегідей белсенділік орталықтарында жұмыс жасады. Олар: көркем

әдебиет орталығы; тіл дамыту орталығы; сауат ашу орталығы; есеп орталығы; өнер орталығы; ғылым орталығы; сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы; аспаздық орталығы; құрастыру орталығы. Әр белсенділік орталықтары бағдарлама ұсынған өз критерийлері бойынша құрылды.

Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлау кезінде педагог балалардың осыған дейінгі білімдерімен дағдыларын ескере отырып, келесі қадамдарды жоспарлауды жүргізіп отырды. Жоспарлау циклы әр баланың дамуын және оқуын қолдайды. Балаларды жүйелі түрде қадағалай отырып және әр орталықта белсенді жұмыс жасау үшін, табысқа бірге жету үшін, олардың алға қойған мақсаттарына қолдау көрсете отырып, білмейтін аймақтарына жұмыс жасау үшін, жеке балалар мен топтардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді білім беру жоспарларын жасайды. Педагог балалар өздері білетін және түсінетін нәрселерге негізделген жоспарларын дамытады және әр балаға өзінің әлеуетін ашуға көмектесу үшін не қажет екенін анықтайды. Жоспарлау кезінде педагог оқытудың / қабылдаудың әртүрлілігін және жеке балалар қабілеттері мен ерекшеліктері ескереді; педагог қажеттілікке қарай жоспарды түзетіп, толықтырып отыруға құқылы. Осы технологиямен жұмыс жасау барысында облыс бойынша жүзден астам педагогтер халықаралық деңгейде өткен оқыту семинарлары мен тренингтерге қатысып, сертификат алды. Өз кәсіби біліктілігімен көрінген педагогтеріміз өз тәжірибелерін республика көлемінде, халықаралық эксперттер алдында да ортаға салып, жоғары бағаларын алып отырды.

«Step by Step» технологиясы негізінде ұйымдастырылған оқу қызметін моделдей алу және әр баланың ерекшелігін ескере отырып, белсенділік орталықтарында жекелеме, топтық жұмыстарды тиімді жүргізе алу әр педагогтің кәсіби шеберлігі болмақ [7].

Балаға бағытталған оқудың үздіксіздігін қамтамасыз етуде тәрбиеші білімі мен кәсіби деңгейін арттыру үшін жоғарыда аталған балабақша тәрбиешілері мен бастауыш мектеп мұғалімдері өз білім ошақтарында әлі де өздері үйреніп, қалыптасқан технологияны күнделікті ұйымдастырылған оқу әрекеттерінде кеңінен қолданып жұмыс жасап жүр.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі еркін дамып, шығармашылықпен жұмыс жасап, таңдай алатын мүмкіндігі бар балаларға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің жаңа парадигмасы - балаға, жеке адамға бағдарланған тәсілмен туындаған гуманизацияның нақты үдерістері басталды. «Step by Step» технологиясы негізінде ұйымдастырылған оқу әрекетін жүргізуде бағдарламаның негізгі принциптеріне сүйене отырып, өз тәжірибесін баланы оқыту мен тәрбиелеуге бағыттай алған кәсіби дамыған педагог іске асыра алады.

Ендеше, осы бағдарламаның тиімді жақтарын балабақша топтарында орталықтар арқылы балалармен жеке, топтық жұмыс жүргізуде, шығармашылық тапсырмалар мен деңгейлік жұмыстар өткізуде, дағдыларды қалыптастыру арқылы жеке тұлғаны дамытуда, бір-бірімен араласуға, өзінің айналасын тануда ойын арқылы оқытуда жан-жақты бағыт бере отырып әр педагог қолдана алады.

«Step by Step» бағдарламасы бойынша балаларға қызығушылық тудырып, диалог арқылы қарым-қатынасқа баулу, қиялға шомдыру, сын тұрғысынан ойлау, өзіндік эстетикалық тәжірибелерден қанағат алу сияқты дағдыларды қалыптастыру, ата-аналармен тығыз байланыста болу – бұл бағдарламаның тәжірибелік ерекшелігі десе болар.

Алдағы уақытта, өткенді жаңғыртып, қазіргі білім жүйесі талап етіп отырған оқытуды жаңаша ұйымдастыруда «Step by Step» технологиясын кеңінен қолданса, оқыту мен

тәрбиелеуде мектеп жасына дейінгі балаларды және олардың ата-аналарын оқу үдерісіне тарта отырып жұмыс жасалса, нәтижеге бағдарланған білім алған, бәсекеге қабілетті, құзыретті жаңа заман тұлғасы шығатыны аян.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ISSA педагогикалық стандарттарының орындалуын және олардың ISSA желісі аймағында және одан тыс жерлерде (2001-2008 жж.) Жас балаларды дамыту және оқыту бойынша саясаты мен тәжірибесіне әсер етуін зерттеу. Қысқаша есеп. [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді режимі: http://www.issa.nl/docs_pdfs/Quality-Executive-Summary-RUS.pdf
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді режимі: www.dosdat.com/docs/index-201594/html
3. ISSA желісінің жаңалықтары. Стандарттарды қолдануды және мұғалімдерді аттестаттауды қамтамасыз ету // Балаларды демократиялық тәрбиелеу. – 2003 ж. – №5. 43-45 бб.
4. Сварький М. Әрбір баланың даму мәселелері қажет // Балаларды демократиялық тәрбиелеу. – 2002 ж. – №2. – 7-б
5. Айтжанова Д., Закаева Г., Исакова А. Арнайы қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу жолдары. Алматы: UGP агенттігі, 2003. – 72 б.
6. Буканан М., Коуни М. Сыныпта алғашқы демократиялық сайлау // Балаларды демократиялық тәрбиелеу. – 2002 ж. – №2. – 19-21 бб.
7. Педагогические стандарты ISSA. [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді режимі: www.issa.nl.

Ф.ЕРМАГАНБЕТОВА

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ «STEP BY STEP» В ОРГАНИЗОВАННОЙ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДЕТСКОМ САДУ

В статье рассматриваются способы реализации направленной на всестороннее развитие ребенка технологии «Step by Step». Технология «Step by Step» определена как эффективный способ реализации траектории развития каждого отдельного ребенка. Уточняются функции учителя, родителей при работе с детьми по данной технологии, определена роль учебной среды в развитии ребенка.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: ISSA (международная ассоциация Step by Step), профессиональная компетенция, центры активности, траектория индивидуального развития.

F. ERMAGANBETOVA

«STEP BY STEP» TECHNOLOGY APPLYING IN KINDERGARTEN ORGANIZED EDUCATIONAL ACTIVITIES

The article deals with the ways to implement “Step by Step” technology aimed at the children all-round development. “Step by Step” technology has been defined as an effective way to realize every single child development trajectory. In the process of working with the children, while using this technology the teacher’s and parents’ functions have been clarified. In the article the role of learning environment in the child’s development has been defined.

KEYWORDS: ISSA (Step by Step international association), professional competence, centre of activity, individual development trajectory.

«НАВИГАТОР УСПЕХА»: ПОДВОДИМ ИТОГИ КОНКУРСА

29 ноября 2018 года подведены итоги областного конкурса краткосрочных планов уроков для учителей начальных классов «Навигатор успеха».

Цель Конкурса – распространение эффективного педагогического опыта учителей Карагандинского региона в рамках реализации обновленного содержания среднего образования.

Из 113 поступивших конкурсных материалов оргкомитетом для рассмотрения на следующем этапе были отобраны 26. Эти же КСП приняли участие в on-line голосовании на сайте Карагандинского филиала АО «НЦПК «Өрлеу».

По результатам заключительной экспертизы определены следующие победители:

1 место – Айтжанова Жанат Абенкызы, учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная средняя школа №16 лингвистического направления города Балхаш»

2 место – Тюмина Юлия Олеговна, учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная школа №6» города Сарани

3 место – Торгаева Алмаш Калижановна, учитель начальных классов КГУ «Школа-лицей имени Ю.А.Гагарина» отдела образования Шетского района.

В номинации «Учительский выбор» по результатам on-line голосования победу одержала учитель начальных классов КГУ «Ресурсный центр на базе школы-гимназии имени Ы. Алтынсарина» отдела образования Шетского района Ахметжанова Нұргүл Зекеновна, набравшая 2515 голосов.

В первую десятку по итогам on-line голосования также вошли:

Торгаева Алмаш Калижановна, учитель начальных классов КГУ «Школа-лицей имени Ю.А.Гагарина» отдела образования Шетского района,

Аманбекова Айгуль Мекенбайқызы, учитель начальных классов КГУ «Экспериментальная школа-гимназия имени Жамбыла Акылбаева» отдела образования Шетского района,

Асылбекова Жанар Мухаммедовна, учитель начальных классов КГУ «Ресурсный центр на базе школы-гимназии имени Ы. Алтынсарина» отдела образования Шетского района,

Саидгараева Гульшат Исмагиловна, учитель начальных классов КГУ «ШЦДО №1 (школа – центр дополнительного образования)» г.Абай,

Айтжанова Жанат Абенкызы, учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная средняя школа №16 лингвистического направления города Балхаш»,

Жандарбекова Назгуль Маратовна, учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная средняя школа №13 отдела образования города Жезказгана»,

Нурмаханова Динара Камалбековна, учитель начальных классов КГУ «Общеобразовательная средняя школа №8 города Балхаш»,

Балмаганбетова Молдир Ерболовна, учитель начальных классов КГУ «Школа-гимназия №1 города Сатпаев»,

Сайфутярова Зифа Салаватовна, КГУ «Гимназия №1 акимата города Шахтинска».

Благодарим всех участников конкурса и поздравляем победителей с заслуженной успехом! Желаем неиссякаемого творческого вдохновения и новых свершений!

ӘОЖ 373.1

Г.К.ТУСУПКАЛИЕВА

«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
tusupkalieva_g@mail.ru

ТАРИХ САБАҒЫНДА СҰРАҚ ҚОЮ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Мақалада оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде сұрақтар қою мәселесі қарастырылады. Дұрыс қойылған сұрақтар оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуды ынталандырады. Балаға қойылған сұрақ нақты, терең, логикалық болу педагогикалық мәселе ретінде өзектілігіне көңіл аударылады. Мақалада оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға ықпал ететін Блум таксономиясының ойлау деңгейіне сәйкес тапсырмаларды құрастыру тәсілдері көрсетілді. Сұрақ қою әдісі арқылы «Тарих» пәні бойынша нақты тапсырмалар ұсынылады.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: сұрақ қою, сұрақ қою тәсілдері, сын тұрғысынан ойлау.

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдына дайын жауабы жоқ ақпарат бергенде, екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасаған кезде. Ойланудың қандайда бір қиындық туғызған, күмәнді жағдайда пайда болатыны туралы Джон Дьюи өзінің «Психология и педагогика мышления» кітабында «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады» деп жазған еді. Адам тығырықтан шығу үшін, оның жауабын жан-жақты іздестіреді. Оның оң мен солын ажыратады. Кемшіліктерін келтірумен қатар, оны қуаттау үшін дәлелдер іздестіреді. Өз шешіміне қанағаттанбай, балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар, болжамдар жасайды. Өз әрекетін нақтылау үшін өзіне-өзі сұрақ қояды, енді сұраққа жауап іздестіреді. Осылайша үздіксіз іздену мен зерттеу жүргізіледі. Осылайша сын тұрғысынан ойлануға өзін-өзі жетелейді.

Сонымен сын тұрғысынан ойлау дегенге қандай анықтама беріледі?

Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталады, яғни, бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді [1; 45].

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауларында оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйрету қажеттігін назардан тыс қалдырған емес. Өйткені, сын тұрғысынан ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сын тұрғысынан ойлау оқушыларды

ақпаратпен жұмыс жасауға, өздігінен шешім қабылдауға үйретеді. Оқушылар осындай жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оған жауап іздейді. Жауаптарын дәлелдермен айғақтайды. Дербес шешім шығарады. Сын тұрғысынан ойлау әр адамды тәуелсіз етеді. Басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделділердің пікірін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға сыни көз-қараспен қарайтын болады. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптау дағдылары қалыптасады. Осылайша сын тұрғысынан ойлайтын адам басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын дәлелдер мен тұжырымдар келтіру арқылы білдіретін болады.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлау дағдысы қандай жағдайларда қалыптасады екен?

- Кез келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда.
- Кез келген проблема не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда.

• Кез келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында.

- Өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде.
- Кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда.
- Бірлесе жұмыс жасағанда.
- Өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.

Ал сын тұрғысынан ойлаушының ерекшеліктері қандай болуы мүмкін?

- Кез келген проблема не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды.
- Ең маңызды жәйіттерді бөліп шығарады.
- Проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады.
- Критерийлер мен стандарттарды қолданады.
- Критерийлер мен стандарттарға негізделген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді.

- Өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар.

• Ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалдыға немесе керісінше).

- Қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады.
- Балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды.
- Икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындайды, оларды түзетеді.

- Себеп-салдарын анықтайды;

- Талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды.

• Мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жәйттерді бөліп қарастырады.

- Шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады.

- Ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;

• Әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұның бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;

- Өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;

- Басқалармен тіл табысып, ортақ мәлімеге келуге тырысады [2; 36].

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуда сұрақ қою тәсілдерін қалай тиімді қолдануға болады?

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруда сұрақ ерекше маңызды рөл атқарады.

Доктор Кристианна Алгер дұрыс қойылған сұрақтар сыныптың сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыра алады деп пайымдайды. Сондықтан балаға қойылған сұрақ айқын, нақты, терең, өзара байланысты, әділ болуы қажеттегін айтады.

Айқындық. Сіз мұны басқа сөздермен айта аласыз ба? Не айтқаныңызды ойлай аласыз ба? Проблеманы айқынырақ көрсететін басқа сөз немесе сөзтіркесі бар ма?

Нақтылық. Бұл тұжырымның растығын қалай тексере аламыз? Оның дұрыстығын қалай тексеруге болады? Ақпарат көзі қандай? Ақпаратты қалай нақтылай немесе тексере аламыз? (Бұл дереккөзі белгілі және мұғалім оны бақылайтын мәселе болса, онда жеңілдірек, ал бұл мәселені шешуге мүмкіндік бере ме?).

Тереңдік. Қандай фактор бұл мәселені қиындатады? Бұл мәселеге қандай ерекшеліктер тән? (Қарапайым жауаптарға қатысты).

Байланыстылық. Бұл мәселеге қатысы қандай? Бұл бізге мәселені шешуге қалай көмектеседі?

Әділдік. Сіз бұл мәселеге шын мәнінде қызығушылық танытасыз ба? Басқалардың әртүрлі көзқарастарын Сіз тілектестікпен ұсынасыз ба? (Менің бұл ой толғауымның кіндігі сын тұрғысынан ойлау деп аталады. Оқушы мұғалім мүддесіне қарама-қайшы келтірмей, түбегейлі басқа көзқарас ұсына ала ма?) [3; 11].

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда біріншіден, оқытудың тиімді құралына айналады. Екіншіден, оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Мұғалімдер оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін сұрақтардың екі түрін: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды кең қолданады. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Бұл – жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп бағаланатын сұрақтар. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Тиімді педагогика аясында бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Оның үстіне, сұрақтарды оқушылардың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес құру қажет. Түрлі мүмкіндіктерге және түрлі оқушыларға қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және басқаға бағыттау сияқты әртүрлі тәсілдерін пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Басқаға бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?» [4; 40-41].

Орыс психологі В.М. Снетков «Жақсы сұрақ – кең ауқымды ойланып, барлық мүмкін жауаптарын іздестіруге бағыттайтын ойландыратын сұрақ» деген тұжырымға келген және сұрақтардың төмендегідей қызметтерін атап көрсетеді:

- сұрақ арқылы жаңа ақпарат алуға болады;
- сұрақты дұрыс қою арқылы білгендерін нақтылай түсуге болады;
- сұрақ қою арқылы талқылау бағытын өзгертуге болады;

- сұрақ арқылы өзінің көзқарасын білдіруге болады;
- дұрыс қойылған сұрақ оның жауабын табуға бастама болады [5].

Педагогтер оқушылардың танымдық ойлау деңгейлерін олардың сұрақ қою қабілеттерінен де байқайды. Сабақта оқушылардың тақырыпқа қатысты жақсы сұрақтар қоя білуі олардың сын тұрғысынан ойлай білетінін көрсетеді. Сонымен, тарих сабағында оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін сұрақ қоюдан қандай әдістерін қолдануға болады? Төменде тарих сабағында мәтінмен жұмыс жасап, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған бірнеше сұрақ қою әдістері берілген.

«Сұрақтар кестесі» әдісі: Ашық және жабық сұрақтар. Немесе күрделі және жай сұрақтар деп те атайды.

Күрделі/ашық сұрақтар: неліктен, үш түсінік беріңіз...?

Неліктен, түсіндіріңіз...?

Неліктен, сіз солай ойлайсыз...?

Қандай айырмашылығы бар...?

Не боларын, болжап көріңіз...?

Жәй/жабық сұрақтар: Кім..?, Не..?, Қашан...?, Мүмкін..?, Қалай аталады...?, Дұрыс па...?, Сіз келісер ме едіңіз...?

Сұрақтар кестесі әдісі бойынша сабақты бастар алдында тақырып бойынша миға шабуыл жасатуға болады. Осы әдіспен оқушыларға жұппен немесе топпен сұрақтар құрастыру тапсырмасын ұсыныңыз. Тіпті осы әдіс бойынша мұғалім сабақта қойылатын сұрақтарды алдын-ала жоспарлауына болады. Төмендегі 1-кестеде 7-сынып Қазақстан тарихынан «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбы бойынша құрастырылған сұрақтар берілген.

Кесте 1. Сұрақтар кестесі.

Жәй/жабық сұрақтар	Күрделі/ашық сұрақтар
Қай жылы Әбілхайыр хан Сырдария өзені маңайын басып алды?	Әбілхайыр ханның Сырдария өзені маңайын басып алудағы мақсатын түсіндіріңіз?
Қазақтар өзбек ұлысынан қашан бөлініп шықты?	Қазақтар өзбек ұлысынан не себепті бөлініп шықты?
Керей мен Жәнібек бастаған көш қай жерге қоныстанды?	Керей мен Жәнібек бастаған көш неліктен Қозыбасы жеріне бағыт алды?

«Жорамал сұрақтар» әдісі. Мақсаты: оқушыларды сын тұрғысынан ойлануға дағдыландыру.



Жорамал сұрақтар әдісі бес бағыт бойынша сұрақ құрастыру тәсілдерінен тұрады. Олар: бақылау сұрақтары, проблеманы шешетін сұрақтар, қиял-ғажайып сұрақтар (өткен шақ пен болашақ туралы), талдау сұрақтары, айрықша сұрақтар [3; 15].

Тарих сабағында тақырып бойынша оқушының білімін жан-жақты қалыптастыру үшін мәтінмен ғана емес, қосымша дереккөздермен де жұмысты тиімді қолдана

білу қажет. Мысалы, 7-сынып Қазақстан тарихы бойынша «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбын өткенде қосымша интернет ресурстан алынған (сурет 1) «Қазақ хандығы» суретін қолдануға әбден болады. Суретпен тиімді жұмыс жасату үшін оқушыларға «Жорамал сұрақтар» әдісі бойынша сұраққұрастыру тапсырмасын ұсынуға немесе сурет бойынша оқушылардың алдына дайын сұрақтар таратуға болады. Бұл оқушылардың іздену, өзара білім алмасу, сұрақты дұрыс құрастыру дағдыларын қалыптастырар еді. Ал қиял-ғажайып сұрақтар оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына түрткі болар еді. Төменде «Қазақ хандығы» суретін пайдалану арқылы оқушының білімін жан-жақты қалыптастыру мақсатында «Жорамал сұрақтар» әдісі бойынша құрастырылған сұрақтар берілген (кесте 2).

Кесте 2. Жорамал сұрақтар.

Бақылау сұрақтары	Суреттен нені байқадыңыз?
Проблеманы шешетін сұрақтар	Суретте бейнеленген тұлғалар мен картаны қалай байланыстырасыз?
Қиял-ғажайып сұрақтар (өткен шақ пен болашақ туралы)	Егер, XV ғасырда өмір сүрсеңіз Қазақ хандығының құрылуына қалай үлес қосар едіңіз?
Талдау сұрақтары	Суретте қай кезең бейнеленген? Неліктен?
Айрықша сұрақтар	Қазақ елінің территориясы қандай елдермен шектеседі?

«Блум сұрақтарының түймедағы» әдісі. Мақсаты: қарапайымнан күрделіге қарай сұрақтар қою арқылы мәтінді талдау.

«Блум сұрақтарының түймедағы» америкалық психолог және педагог Бенджамин Блум таксономиясының оқу мақсаттарына (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) негізделіп жасалынған сұрақтар жүйесі [5]. Бұл әдіс заманауи білім беруде өте танымал әрі кеңінен қолданылады. Блум сұрақтарының түймедағы арқылы мәтінмен жұмыс жасатуға болады. Алты бағыт бойынша сұрақтар құрастырып және ол сұрақтардың жауабын табу арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлануға жетелей аламыз.

Сын тұрғысынан ойлануға жетелейтін сұрақ құрастырудың алты бағыты берілген.

Қарапайым сұрақтар: Бұл сұрақтарға жауап берген кезде нақты деректерді атау керек, мәтіннен белгілі бір мәліметті еске түсіріп, оны айтып беруі керек.

Дәлелдеуші сұрақтар: «Егер мен дұрыс түсінсем, онда...?», «Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше сіздің айтып, тұрғаныңыз...?»

Интерпретациялық (түсіндірме) сұрақтар: «Әдетте неге?» деген сөзден басталады. Кейбір жағдайларда олар ақталуға мәжбүр етушілік сияқты негативті қабылдануы мүмкін. Басқа жағдайларда олар дәлелдемелік байланыстарды анықтауға бағытталған.

Бағалау сұрақтары: «Неге...жақсы, ал...жаман?», «...айырмашылығы неде?». Бұл сұрақтар осы немесе басқа да оқиғалар, құбылыстар мен айғақтардың бағалау критерийлерін анықтауға бағытталған.

Шығармашылық сұрақтар (жорамал): «Қалай ойлайсыздар, ...кейін (егер)... қалай болады? Шығармашылық сұрақтарда «егер» деген қыстырма сөз қолданылады. Ол алдын ала болжайтын, жорамалдайтын шарттылық элемент.

Практикалық сұрақтар: «Өңгіме кейіпкерінің орнында болсаңыз сіз не істер едіңіз?». Сұрақ теория мен тәжірибе арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған.

Мысалы, 7-сынып «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбы бойынша мәтінмен жұмыс жасаған кезде «Блум сұрақтарының түймедағы» әдісімен алты бағыт бойынша сұрақтар құрастыртып, өзара тапсырмаларын алмастыруға болады. 3-кестеде «Блум сұрақтарының түймедағы» әдісі бойынша қарапайымнан күрделіге қарай оқушының логикалық ойлауына мүмкіндік беретін «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбы бойынша сұрақтар үлгісі ұсынылған.

Кесте 3. Блум сұрақтарының түймедағы.

Қарапайым сұрақтар	- Қазақ хандығы қашан құрылды? - Әбілхайыр неше жасында Сібір өлкесінің ханы болып сайланды?
Дәлелдеуші сұрақтар	- Ру-тайпалардың бөлінуіне не себеп болды? - Қазақ жеріне қай өңірлер кірді?
Интерпретациялық (түсіндірме) сұрақ	- Неге Есенбұға Қозыбасы жерін берді? - Керей мен Жәнібек сұлтандар не себепті бөлінді?
Шығармашылық (жорамал) сұрақтары	- Егер, Әбілхайырдан бөлінбегенде қазақ хандығының жағдайы қандай болар еді? - Егер, Есенбұға қазақ сұлтандарының қоныстануына қарсылық білдірсе қандай жағдай орын алар еді?
Практикалық сұрақтары	- Егер, Керейдің орнында болсаңыз не істер едіңіз? - Жәнібектің орнында болсаңыз Керейдің әрекетін қолдар ма едіңіз?
Бағалау сұрақтары	- Есенбұғаның ұстанған саясатына баға беріңіз? - Қазақ хандығы құрылуының халыққа тиімді және тиімсіз жақтарын сипаттаңыз?

«Бес сұрақ» әдісі. Бұл оқушыны сын тұрғысынан ойлануға жетелейтін әдістің бірі. Бұл әдістің ерекшелігі оқушы білімін қолдану және жинақтау деңгейіне жеткізеді. Ерекшелігі, бес сұрақ әдісінде қолданылатын сұрақтар бір сұрақтан бастау алуы қажет [3; 14].

Төменде 7-сынып «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбы бойынша құрастырылған сұрақтар жүйесі берілген (сурет 2).



Сурет 2. Бес сұрақ әдісі: «Қазақ хандығының құрылуы»

Қорыта келе, сұрақ қою оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырады, коммуникативтік дағдыларының дамуына өзіндік әсер етеді, сөздік қорлары артады. Сұраққою арқылы оқушылар қарым-қатынасқа түседі, тілдік дағдылары дамиды, пікір-таластар жүргізе алады. Блум таксономиясы ойлау деңгейлері бойынша оқушылардың ойлау қабілеттері дамып, сыни ойлауға үйренеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тиімді оқыту мен оқу / Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 202 б.
2. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / А.Қ.Әлімов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
3. Тиімді оқыту мен оқу / Қазақстан республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Таратпа материалдар. Үшінші апта. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 344 б.
4. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. – 338 б.
5. Загашев И. Умение задавать вопросы [ЭР]. – Қол жетімді режимі: <http://evolkov.net/questions/Zagashhev.I.Question.skill.html>

Г.К.ТУСУПКАЛИЕВА

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ ЧЕРЕЗ ПОСТАНОВКУ ВОПРОСОВ

В данной статье рассматривается проблема постановки вопросов как инструмента формирования навыка критического мышления учащихся. Правильно заданные вопросы стимулируют развитие критического мышления учащихся. Актуализируется педагогическая задача формулирования четких, конкретных, логичных вопросов, поставленных ребенку. Представлены подходы к составлению заданий, способствующих развитию критического мышления учащихся, в соответствии с уровнями мышления Таксономии Блума. Предложены конкретные задания по предмету «История» с использованием метода опроса.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: *вопросы, способы задать вопросы, критическое мышление*

G.K.TUSSUPKALIYEVA

THE DEVELOPMENT OF CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE FORMULATION OF QUESTIONS FOR HISTORY LESSONS

This article deals with the problem of questions as a tool for the formation of critical thinking skills of students. Correctly asked questions stimulate the development of critical thinking of students. Therefore, the question posed to the child should be clear, specific, deep, logical.

The article demonstrates the approaches of writing tasks that contribute to the development of critical thinking of students, in accordance with the levels of thinking of bloom's Taxonomy. Specific tasks on the subject «History» with the use of the survey method are proposed.

KEYWORDS: *questions, ways to ask questions, critical thinking.*

ИТОГИ 2018 ГОДА

29 декабря 2018 года коллектив филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области традиционно подвел итоги уходящего года, который был для Института юбилейным – годом 70-летия. 2018 год прошел под девизом «Сохраняем лучшие традиции для создания нового качества».

По традиции итоги повседневного труда сотрудников определяются в ежегодном конкурсе «Выбор года», получившем старт в 2014 году. По условиям конкурса путем голосования каждого члена коллектива выбираются самые лучшие работники, внесшие значительный вклад в развитие Института.

По итогам 2018 года победителями в конкурсе «Выбор года – 2018» признаны:

■ в номинации «Лидер года» – Филинова Наталья Анатольевна, начальник отдела информационных технологий;

■ в номинации «Эффективный руководитель» – Жеткенбаева Рымкуль Толеубаевна, начальник отдела методического обеспечения инновационного развития;

■ в номинации «Открытие года» – Бухарбаева Алуа Нурбаевна, начальник библиотеки;

■ в номинации «Лучшее подразделение» – Отдел информационных технологий.

Победителей сердечно поздравила директор Карагандинского ИПК Муканова Саулеш Димкешевна – инициатор и спонсор конкурса «Выбор года».

Современные требования к системе повышения квалификации педагогов ставят новые задачи перед сотрудниками ИПК. Среди них – владение навыками создания сетевого профессионального сообщества в социальных сетях. По итогам анализа активности на бизнес-страницах в Facebook и Instagram признаны:

«Автор лучшего поста» – Абзалбек Лаура Сапаровна, старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности

«Лучший комментатор» – Кушнир Марина Петровна, заведующая кафедрой дошкольного воспитания и начального обучения, к.п.н.

«Лучший лайкатор» – Жеткенбаева Рымкуль Толеубаевна, начальник отдела методического обеспечения инновационного развития.

<i>Акульбекова Нурбакыт Заркешеевна</i>	гуманит. ғыл. магистрі, Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы
<i>Алшынбаева Молдир Айдосовна</i>	филол. ғыл. магистрі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Шет тілді дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқытушысы
<i>Ермағанбетова Феризат Амантаевна</i>	Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы
<i>Жуынтаева Замзагул Нағашыбаевна</i>	филол. ғ. к., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Қазақ тіл білімі» кафедрасының доценті
<i>Китибаева Альфия Қаныбековна</i>	пед. ғыл. магистрі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Шет тілді дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқытушысы
<i>Қисабекова Мақта Егінбаевна</i>	Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы
<i>Майбасова Үмит Амандықовна</i>	Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы
<i>Мукушева Меруерт Алтынбековна</i>	филол. ғыл. магистрі, Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ қоғаммен байланыс және баспа қызметі бойынша бөлімінң бастығы
<i>Мусина Назерке Мұхтарамқызы</i>	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті математика және ақпараттық технологиялыр кафедрасының 1-ші курсы докторанты
<i>Сазонова Валентина Петровна</i>	«А.Н. Савельев атындағы № 2093 мектеп» мемлекеттік бюджеттік жалпы білім беретін мекемесінң білім мазмұны бойынша координаторы
<i>Сакаева Альфина Нигаматзяновна</i>	п.ғ.к., Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының меңгерушісі
<i>Саржанова Галия Байжумаевна</i>	Phd, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті "Шет тілді дайындық теориясы мен әдістемесі" кафедрасының доценті
<i>Сәттібаева Рая Мәжітовна</i>	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ басқару және білім сапасы кафедрасының аға оқытушысы
<i>Стамбекова Асель Серкебаевна</i>	п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы
<i>Турсунова Мархаба Ахметкалиевна</i>	филол. ғ. қд., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Қазақ тіл білімі» кафедрасының доценті
<i>Түсіпқалиева Гүлмира Қуантаевна</i>	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ басқару және білім сапасы кафедрасының аға оқытушысы
<i>Хаджаева Жамиля Бектасыновна</i>	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 курс студенті

<i>Акульбекова Нурбакыт Заркешевна</i>	магистр гуманитар. наук, старший преподаватель кафедры воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Алшынбаева Молдир Айдосовна</i>	магистр филол. наук, преподаватель кафедры теории и методики иноязычной подготовки Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова
<i>Кисабекова Макта Егинбаевна</i>	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Китибаева Альфия Каныбековна</i>	магистр пед. наук, старший преподаватель кафедры теории и методики иноязычной подготовки факультета иностранных языков Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова
<i>Майбасова Умит Амандыковна</i>	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и начального обучения филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Мукушева Меруерт Алтынбековна</i>	магистр филол. наук, начальник отдела по связям с общественностью и издательской деятельности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Мусина Назерке Мухтарамкызы</i>	докторант 1-ого курса обучения факультета математики и информационных технологий Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова
<i>Сазонова Валентина Петровна</i>	координатор содержания образования государственного бюджетного общеобразовательного учреждения «Школа № 2093 им. А.Н. Савельева»
<i>Сакаева Альфина Нигаматзяновна</i>	к.п.н., заведующая кафедрой воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Саржанова Галия Байжумаевна</i>	Phd, доцент кафедры теории и методики иноязычной подготовки Карагандинского государственного университета им.Е.А. Букетова
<i>Саттибаева Рая Мажитовна</i>	старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Стамбекова Асель Серкебаевна</i>	к.п.н., старший преподаватель кафедры «Педагогика и методика начального обучения» Казахского национального педагогического университета им. Абая
<i>Тусупкалиева Гүлмира Куантаевна</i>	старший преподаватель кафедры управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
<i>Хаджаева Жамиля Бектасыновна</i>	Докторант 2 курса обучения по специальности «Педагогика и методика начального обучения» Казахского национального педагогического университета им. Абая